

Дәріс 1

Автомобиль жолдарын күту мен жөндеу жұмыстарының классификациясы.

Жоспары:

1. Автомобиль жолдарын күту мен жөндеу жұмыстарының классификациясының негізгі принциптері.
2. Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының күту мен жөндеу жұмыстарының классификациясы.

- Классификациясының мақсаты: автомобиль жолын күту және жөндеу жұмыстарының құрамы мен түрлерін анықтауда негізгі принциптерді бекіту. Ол принциптер, жол жөндеу жұмыстарын орындауға және сол жұмыстарға бөлінетін қаражаттарды жобалауда, техникалық құжаттарды дайындау барысында басшылық ете алады.

- Жұмыс құрамы- бұл жөндеу процесі кезінде қажетті, жолдың әр бөлігіне жол жұмыстарының нақты жұмыс тізбегі.
- Жол жұмыстарының сипаттамасын, көлемі мен қорытындысына қарай келесі түрге бөлуге болады: күту, жөндеу, қайта салу және жол құрылысы.

- **Жолды күту-** бұл жыл бойына орындалатын кешенді жұмыстар. Жолды профилактикалық күту, жолдың конструктивті бөліктерінің бұзылулары мен ақауларын шағын жөндеу жұмыстары арқылы жою, сонымен қатар қозғалысты реттеу мен ұйымдастыру, қорытындысында жолдың және жол қондырғыларының көліктік пайдалану сапасы сақталынады немесе жақсарады. Осының нәтижесінде жолды күтуге шағын күнделікті жөндеуді жатқызуға болады. Жолды күтудің негізгі мақсаты жолдың көліктік пайдалану жағдайын және қозғалысты ұйымдастыру деңгейін қолдау және сақтау. Жолды, жол қондырғыларын және жол жолағын күту жұмыстарына: олардың тазалығын күту, пайдалану мезгілінде пайда болған жол мен жол қондырғыларының шағын бұзылуларын жою жатады.

- **Жолды көгалдандыру**- жұмыстарына жолды эстетикалық және сәулетті безендіру үшін, жол жолағына шөп өсіру және ағаштар отырғызу, сонымен қатар көгалдандыру бөліктерін күту жатады. Бұл шаралар қар және құм көшкінінен, жел және су эрозияларынан қорғау үшін қолданылады.
- **Автомобиль жолын жөндеу** – жолдың бастапқы көліктік пайдалану сипаттамасын өңдеудегі кешенді жұмыстар. Бұл жұмыстарға жамылғының тозуын қалпына келтіру, жамылғы тегістігі мен ілігісу сапасын қалпына келтіру және жақсарту, жол жабыны, жер төсемесі мен жол қондырғыларының барлық ақаулары мен бұзылуларын жою, жол жағдайы мен жолды жабдықтауды реттеу, қозғалыс қауіпсіздігін ұйымдастыру және қамтамасыз ету жатады.

- **Автомобиль жолдарын жөндеу.** Жөндеу ұғымына автомобиль жолдары мен жол қондырғыларының жобалық параметрлерін қалпына келтіру мен бастапқы көліктік пайдалану сапасын жоғарылату үшін арналған кешенді жұмыстарды айтуға болады. Яғни жол жамылғысының тозуына қарсы жұмыстары, тегістігін, ілігісу сапасы мен кедір бүдірлігін жоғарылату, жер төсемесі мен жол қондырғыларын, жол жамылғысын күшейту мен кеңейту, тозған конструкциялар мен бөлшектерді қалпына келтіру немесе оларды мықты және тиімдісіне алмастыру, сонымен қатар инженерлік қондырғылар мен жолды жабдықтау жұмыстары, қорытындысында жол мен жол қондырғыларының көліктік пайдалану сипаттамасы жақсарады және жоғарылайды.

- **Автомобиль жолдарын күрделі жөндеу** – жол қабаты мен жамылғының жұмыс істеу қабілетін жоғарылату мен қалпына келтіру, тозған конструкциялар мен бөлшектерді өте берік және ұзақ қызмет ететін бөлшектермен алмастыру, қажетті жағдайда жолдың қозғалыс қарқындылығының өсуін және автомобильдің өстік жүктемесін ескере отырып жөнделетін жолдың бекітілген категориясына сай берілген жол ұзындығында жер төсемесінің енін үлкейтпей-ақ геометриялық параметрлерін жоғарылатудағы кешенді жұмыстарын айтамыз.

- **Жолды жаңарту** – жер төсемесі және жол жабынын, сондай ақ жасанды және басқада жол қондырғыларын, қозғалыс қарқындылығы мен өстік жүктеменің нормалы шегіндегі, бар жолдың нақты категориясына сай өсуін ескере отырып, жолдың планы мен ұзына бойлық қимасының геометриялық параметрлерін дамыту мен жетілдіру, кеңейту мен күшейтудің кешенді жұмыстарын айтамыз.